

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 825 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шаруашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алматы қаласындағы органдарына шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі басқарма" мемлекеттік мекемесі және "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Шаруашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оларды жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қызмет-Сервис А" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 196 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің қызметтік ғимараттарын пайдалануды жүзеге асыру және жабдықтау функцияларын орындау деп анықтай отырып, Қоғамның Жарғысын бекітсін;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін құрылатын Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

$$2 \leq \langle * \rangle$$

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119 қаулысымен.

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-56-жолмен толықтырылсын:

"21-56 "Қызмет" АҚ".

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында : көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 217-6-жолмен толықтырылсын:

"217-6 "Қызмет" АҚ".

5. "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 29, 323-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1-тармақ алынып тасталсын.

